**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің «Балапан» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

# **Тақырыбы:** «Көңілді достар»

**Денешынықтыру нұсқаушысы:**
Секербекова.Ж.

**Құлан ауылы**
**2024- 2025 оқу жы**

**Денешынықтыру нұсқаушысы**: Секербекова.Ж.
**Тақырыбы:** «Көңілді достар»
**Міндеті:** Балалардың шынықтыру жаттығуларына деген қызығушылығын арттыру,әр түрлі дене қимылдарын орындауға қасиеттерін дамыта отырып,дұрыс өсіп қалыптасуға үйрету.
**Әдіс тәсіл**: Ойын.
**Өтілетін орын**: Дене шынықтыру залы.
**Құрал-жабдықтар:** доп,құрсау,кедергілер,арқан.
**Барысы**
**Кіріспе:**Сапқа тұру.Бір қатар тізбекпен жүру, баяу жүру,жүгіру.
**Жүргізуші:**

- Сәлеметсіңдер ме балалар
- Бүгін біз допәлеміне саяхат жасаймыз
- Ал енді біз поезға отырамыз
- Ал енді кеттік
- Бірінші аялдамаға келіп жеттік
- Балалар бұл аялдамада

«Доптың пішіні» Ауланыда аралап
Добым кетті домалап
Кәне тыныш жат, добым
Секіремін үстіңнен

-Балалар доптың пішіні қандай болады?
-Дұрыс домалақ
-Доп не істей алады?
-Допты жерге ұрғанда доп секіреді
-Ал енді біз доп сияқты секірейік
-Жарайсындар балалар
-Ал енді поезға отырайық
-Келесі аялдама «Доптың түсі» Ойнағанда добымыз
Көңілді болып кетеді
Тату болсақ өзіміз
Бәрімізге жетеді

-Балалар доптың түсі қандай болады?
-Дұрыс,сары,қызыл,жасыл,көк
Доп әр түрлі болады.
-Ал енді, біз доп сияқты домалайық.
-Жарайсындар балалар

-Келесі аялдама «Доп не үшін қажет?»
Спорт-досың әрқашан.
Керек балабақшадан,
Доп тебеміз, күлеміз.
Спортты біз сүйеміз.
-Балалар доп не үшін қажет?
-Доп ойнау үшін керек
-Лақтырып жерге домалатып ойнайды.
-Ал енді балалар поезға мінейік өз балабақшамызға қайтайық
**Қорытынды**:Ал енді осымен саяхатымыз аяқталды.
Қош сау болындар!

**«Кім шапшаң»**

**Ойынның шарты:** Межеге дейін кеглидің арасымен еңбектеп барып,межені айналып жүгіріп келу.

**ІІ-сайыс: «Кім епті»**

**Ойынның шарты:** Екі топтың балалары доппен секіріп межегедейін барып секіріп келіп келесі балаға береді.

**ІІІ-сайыс: «Допты домалату»**

**Ойынның шарты:**Екі топтың балалары допты кегли арасынан оң қолмен домалату барып қайтарда кеглилер арасымен допты қолдарына алып жүгіріп келу.







**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы**
**Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің «Балапан»бөбекжай –бақшасы»**
**мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

# Анықтама

**Тақырыбы:** «Көңілді достар»
**Әдісі:** Эстафеталық ойын.
**Мақсаты:** Балалардың шыныктыру жаттығуларына деген қызығушылығын арттыру,әр түрлі дене қимылдарын орындауға қасиеттерін дамыта отырып,дұрыс өсіп қалыптасуға үйрету.
**Қатысқандар:**консультативтік пункпен қамтылған ата-аналар

**Барысы:**

Дене шынықтыру нұсқаушысы : Секербекова Жазира консультативтік пунктке келетін балалармен «Көңілді достар»атты эстафеталық ойын ұйымдастырылды.
Ойынның мақсаты балалардың дене қимыл белсенділігін арттыру,достық карым-катынасты нығайту және ұйымшылдыкка тәрбиелеу.

Эстафеталык тапсырмалар түрлі қимыл-козғалыс жаттығуларынан құралды және балалардың қызығушылығың тудырды.

Сондыктан, бала ағзасының қызметін жетілдіру кабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады. Сонымен катар балабақшада ата – аналардың катысуымен түрлі спорттық жарыстар өткізіліп тұрады. Спорттық жарыстар мен түрлі ойын – сауықтар балалардың ой санасының қалыптасуына, өзін еркін ұстап және жан – жақты жетілуіне әсер етеді.
Дене тәрбиесіне байланысты балабақшада
«Шыныксаң шымыр боласың»,
«Көңілді достар»,
«Кім жылдам?» деген топ арасындағы эстафеталық жарыстар өткізіліп тұрады.

Сондыктан да бүлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жаксарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің баска түрлерімен ұштастыра жүргізу – балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндетінің бірі.

Бала денсаулығының мықты болып , қозғалыс,дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасады.

Қорытынды: Ата-аналар осы айтылған мәтін бойынша өз ойларын айтып,пікірлерімен бөлісті.

Дене шынықтыру жетекшісі: Секербекова Ж